

Арнаулы пәндер бірлестігінің мақсаты:

Арнаулы пәндер мен өндірістік оқытудың технологиялық бірзділік принципін сақтай отырып, кәсіби білім, білік дағдысы қалыптасқан күзiреттi маман даярлау.



Бірлестіктің құрамы:

№	Аты-жөні	Туған жылы	Білімі	Санаты	Оқу орн. еңбек өтілі	Мамандығы	Ат-н өткен уақыт	Қашан өтеді
1	Сейлханов Е.Т.	03.01.73	жоғары	жоғары	21	Арн.пән	2013	2018
2	Тлеулесова Г.Ж.	29.02.80	жоғары	I	17	арн. пән	2014	2019
3	Кудайбергенов Б.А.	26.04.55	жоғары	жоғары	44	арн. пән	2011	-
4	Айгозина Н.Ғ.	02.11.61	арн. орта	жоғары	38	өнд. оқу шебері	2011	-
5	Қабиева Ж.З.	23.12.87	жоғары	I	7	арн. пән	2014	2019
6	Едильбаева Г.К.	25.11.67	жоғары	-	20	арн. пән	-	2018
7	Абеев Қ.	19.11.56	арн. орта	жоғары	43	өнд. оқу шебері	2012	-
8	Оңғарбаев А.М.	02.01.61	арн. орта	I	38	өнд. оқу шебері	2014	2019
9	Насиев Е.	14.11.56	арн. орта	жоғары	42	өнд. оқу шебері	2013	-
10	Айтбаев Т.	03.04.71	жоғары	I	28	арн. пән	2016	2021
11	Айтбаева Б.	13.09.65	арн. орта	II	21	өнд. оқу шебері	2013	2018

1 2	Жапышева А.Қ.	14.07.65	арн. орта	I	22	өнд. оқу шебері	2011	-
1 3	Затов Қ.	28.04.55	жоғары	II	35	өнд. оқу шебері	2014	2019
1 4	Қайрақбаев Д.	12.06.88	жоғары	II	7	өнд. оқу шебері	2015	2020
1 5	Мырзабеков С.	17.03.67	арн. орта	II	40	өнд. оқу шебері	2014	2019
1 6	Қабимолла Ажар	24.10.86	жоғары	II	1ж	арн. пән	2017	2022
1 7	Сағатова Ж.	23.03.89	жоғары	II	1ж	арн. пән	2017	2022
1 8	Жайлаубаева А.	06. 07.87	жоғары	II	6ж	арн. пән	2017	2022
1 9	Енсебаева Г.	07.02.87	жоғары	II	5ж	өнд. оқу шебері	2015	2020
2 0	Сыбанов Қ.Қ.	03.12.59	жоғары	жоғары	40	Общ тех Физика	2013	2018
2 1	Слямбеков Е.	05.11.93	жоғары	-	1ж.д	өнд. оқу шебері	-	2022
2 2	Шыңғысов Д.Ш.	22.02.94	жоғары	-	1ж.д	өнд. оқу шебері	-	2022
2 3	Амангазина А.	06.02.91	жоғары	-	1	өнд. оқу шебері	-	2018

Колледжде арнаулы пән бірлестігі «Арнаулы пәндер мен өндірістік оқытудың технологиялық бірізділік принципі сақтай отырып, кәсіби білім, білік, дағдысы қалыптасқан құзыретті мамандар даярлау» тақырыбында жұмыс жасайды. Осы мақсатына жету барысында биылғы оқу жылында көптеген іс-шаралар жүзеге асты.

Арнаулы пәндер бірлестігінің құрамында **23** арнаулы пән мұғалімдері мен өндірістік оқыту шеберлері бар. Арнаулы орта білімі бар өндірістік оқыту шеберлерінің саны- **6**; Жоғары білімді-**16**; Магистрлер саны-**4**;

Жоғары санатты мұғалімдер саны: **6**

I - санатты мұғалімдер саны: **5**

II – санатты мұғалімдер саны: **8**

Санаты жоқ мұғалімдер саны: **4**

Жыл көлемінде әдістемелік бірлестікте 5- отырыс өткізілді, онда әр түрлі сұрақтар қаралып, шешімдер қабылданды. Бірлестік құрамындағы арнаулы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері студенттерді түрлі конференциялар, семинарлар, кәсіби шеберлік сайыстарға қатыстырып, жақсы нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, 2017жылдың 13 қазанда «Қапланбек аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК-де кәсіби-техникалық оқу орындарының студенттері мен оқытушылары үшін on-line режимде «Ветеринария және зоотехния мамандықтары бойынша оқытушылар мен студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбында өткен республикалық ғылыми-практикалық конференцияға Айтбаева Бакыт Төкенқызы қатысып сертификатқа ие болды.

2018 жылдың 8 желтоқсанда “Семей құрылыс колледжі” КМҚК “Рухани жаңғыру аясында” өткен облыстық семинарға Е.Т.Сейлханов, К.К.Сыбанов, «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында әлеуметтік әріптестік», Ж.З.Кабиева «Кәсіптік білім- рухани жаңғырудың негізгі кепілі», Д.Ш.Шыңғысов «Рухани жаңғыру - жастарға жарқын жол!» тақырыптарында баяндама жасап, тәжірибе таратып, алғыс хатпен сертификатпен марапатталды.

3.04-4.04.2018ж аралығында WorldSkills Shygy-2018 аймақтық чемпионатына "Ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларының слесарь жөндеушісі" құзыреттілігі бойынша ТМ-11 тобының студенті Ботанұлы Жақсылық қатысып, жүлделі ІІІ орынға ие болды. Студентті дайындаған Т.З.Айтбаев алғыс хатпен марапатталды.

2018 жылдың 9 сәуірінде «Қапланбек аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК-де техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері арасындағы «Болашақ кәсіби кадрларды даярлаудың мәселелері мен перспективалары» тақырыбында on-line жүйесінде өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына ВС-4 тобының ІІІ курс студенті Қанатұлы Ермек қатысып, «Байтрил препаратының бұзау қанына әсері» атты баяндама оқыды. Конференцияға қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды. Ғылыми жұмысқа жетекшілік еткен А.Р.Жайлаубаева да сертификатпен марапатталды.

2018 жылдың 25 сәуірінде «Қазтұтынуодағы агробизнес және экономика колледжі» мекемесінде «Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру мақсатында-агроөнеркәсіптік кешенін қарқынды дамыту мүмкіндіктері» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясына А-10 тобының І курс студенті Жайлаубекова Айнагүл Жайлаубекқызы жүлделі І орынға ие болды. Студентті дайындаған өндірістік оқыту шебері А.Амангазина алғыс хатпен марапатталды.

2018 жылдың 24 мамырында «Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі» КМҚК-де облыстық «Үздік ветеринар» кәсіби шеберлік сайысына ВС-4 тобының ІІІ курс студенті Қанатұлы Ермек қатысып, жүлделі ІІІ орынға ие болды. Студентті дайындаған жетекшісі Айтбаева Бакыт Төкенқызы алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар осы колледжде "Колледж тәжірибесі: Модульдік-құзыреттілік тәсіл" тақырыбында семинар өткізіліп, Айтбаева Бакыт Төкенқызына қатысқаны үшін сертификат табысталды.

2018 жылдың 8 маусымында «Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі» КМҚК-де облыстық «Үздік механизатор» кәсіби шеберлік сайысына ТМ-11 тобының ІІІ курс студенті Тайтуголев Серікжан Серғазыұлы қатысып, алғыс хат пен сертификатпен марапатталды. Жетекшісі Онгарбаев Асемказы Мукатаевич алғыс хатпен марапатталды.

05.02 - 15.02. 2018ж аралығында «**Білікті маман- білімді болашақ!**» атты бірлестік апталығы өткізілді.

Апталықтың мақсаты :

Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында ата- аналармен бірлесе жұмыс істей отырып, мұғалім мен студент, педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жетістікке жету үшін бірлескен әрекеттің ортақ мақсаттарын анықтай отырып, болашақ кәсіби мамандарды қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Болашақ маманды қалыптастыруда студент - колледж - ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
2. Білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

05.02 күні Апталықтың салтанатты ашылуы өткізіліп, апталықтың жоспарымен таныстырылды. Апталық барысында шаралармен қатар мамандықтарға арналған қабырға газеттерінің сайысы өтетіні хабарланды.

06.02 күні өндірістік оқыту шебері Г.Енсебаеваның ұйымдастыруымен ВС-4 тобында «Мүйізді ірі қара малының ұшасы мен ішкі мүшелерін сойғаннан кейінгі тексеру әдістері» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық сабақ өндірістік оқытудан білімді бекіту, қолдану және дағды мен іскерлікті қалыптастыру сабағы түрінде «Рөлдік ойын» тәсілі арқылы арнайы жабдықталған лабораторияда ішкі ағзаларға зерттеулер жүргізіліп, сараптама қорытындысы жасалып, студенттердің тәжірибелік біліктіліктерін қалыптастыра білді.



07.02 күні өндірістік оқыту шебері А.Амангазина А-10 тобымен «Тағам дайындау технологиясы» пәнінен «Түйнек жемістілермен тамыр жемістілерді өңдеу және турау тәсілдері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында оқытушысы студенттердің ойлау, есте сақтау қабілеттерін ескеріп, сабақтың әр кезеңінде қызығушылығын ояту мақсатында түрлі тәсілдер қолданды: сөзжұмбақ, әр түрлі ойын элементтері, постер құру, өздік жұмыстар. Студенттерге жекелейде, топпенде жұмыс жүргізу үшін әр түрлі тапсырмалар берілді, алға қойған мақсаттарды орындау үшін: сабақтардың әр

кезеңдері бір – бірімен байланысып, жүйелі қорытындыланып, жоғары деңгейде өтті.



08.02 күні өндірістік оқыту шебері Ә.Оңғарбаев ТМ-12 тобының студенттерімен және ата-аналардың қатысуымен «НТЗ -82 тракторына тіркелетін 2ПТС-4 тіркемені арнайы қақпадан кіргізу» тақырыбында өндірістік оқытудан «Жеке жүргізу» сабағын өткізді. Сабақ барысында студенттер сабақ барысында өздерін кәсіби маман ретінде сезіну үшін, тракторист-машинист мамандығын сомдау арқылы ой қабілеттерінің артуымен бірге, таңдаған мамандығына белсенділігі мен қызығушылығы оянып, ізденімпаздық, шығармашылық қабілеттерімен ерекшеленді. Тәжірибелік іс-әрекеттің орындалуына қарай ортақ қателіктерін түзей білді. Өзін-өзі басқара алды және бірнеше қайталап жетістікке жетуін өзі бағалады. Сабақ жоғары деңгейде өткізілді.



09.02 күні Г.Едильбаева «Электр қондырғыларын дәстүрлі емес электр энергиясын пайдалану және техникалық қызмет көрсету» пәнінен Э-4 тобымен «Әуе желілерінің сымдарын және үй желілерін кіргізу» тақырыбында ашық тәжірибелік сабақ өтті. Сабақта студенттердің алған теориялық білімдері сараланып, өздік тәжірибелік тапсырмалар орындалды.



09.02 күні өндірістік оқыту шебері Н.Айгозина А-9 тобымен бірге «Ұрпақ денсаулығы-ұлттың саулығы» атты конференция ұйымдастырды. Конференцияда салауатты өмір салтын насихаттау, «Үштілділік - жаңа заман сұранысы» - өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді құзыреттілікті игерген жеке тұлға қалыптастыру мақсатына жету барысында студенттер «Дұрыс және тиімді тамақтану – денсаулық негізі» «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» «Адам ағзасындағы минералды заттардың маңызды рөлі» тақырыптарында презентация көрсетіп, баяндама жасады. «... көпті көргеннен сұра» - А-9 тобының ата-аналарының кеңесі айтылып, мамандардың кеңесімен толықтырылды. Конференция соңында колледж студенттерінің «Шынықсаң шымыр боласың» флеш-моб қойылымы көрсетілді. Конференция жоғары деңгейде өтті.



10.02 күні Д-2, Д-3 топтарымен және аудан мектептерінің оқушыларының қатысуымен Д.Қайрақбаев, Е.Слямбеков «Пісіру доғасымен тігістерді орындау әдістері» тақырыбында шеберлік сынып өткізді. Шеберлік сынып дәнекерлеу мамандығының жоғарғы курс студенттері төменгі курс дәнекерлеу тобының студенттеріне, мектеп оқушыларына, ата-аналарына мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыра отырып, шеберлік сынып ұйымдастыру арқылы жаңа технологиялық жетістіктерді насихаттау және студенттердің кәсіби шеберлігін көрсету, тәжірибе тарату мақсатында ұйымдастырылды.



12.02 күні Д.Шыңғысов ТҚ-2 тобының студенттерінің қатысуымен «Үздік таскалаушы» атты кәсіби шеберлік сайысы ұйымдастырылды. Студенттер өз араларында 2 топ құрып яғни әрбір топта 3 студенттен қатысып, өз теориялық білімдерін, кәсіби шеберліктерін жақсы деңгейде көрсете білді.



13.02 күні Б.Айтбаева, А.Жайлаубаева ВС-4 ВС-5 топтарымен бірлесіп «Маманға 100 сұрақ» атты дөңгелек стол ұйымдастырды. Шараға «Зайсан ауданының ветеринария қызметінің» маманы, ВС-4, ВС-5 топтарының ата - аналары, «Зайсан құрылыс компаниясының» дәнекерлеушісі, осы колледждің түлегі қатысып, өз ойларын, қазіргі кездегі тыныс - тіршіліктерімен, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Қонақтар өз ойларын толық, әрі нақыт түрде жеткізіп, студенттер көкейкесті сұрақтарға жауап алды.



13.02 күні өндірістік оқыту шебері А.Жапышеваның ұйымдастыруымен С-3 тобының қатысуымен «Сәнді сылақ жүргізу және сұйық тұсқағаз жапсыру

әдіс тәсілдері» тақырыбында шеберлік сынып өткізілді. Шеберлік сынып студенттерге қазіргі заманға сай сәнді сылақ жүргізу және сұйық тұсқағаз жапсыру тәсілдерін үйрету арқылы теориядан алған білімдерін тәжірибемен ұштастыру, мектеп оқушыларының мамандыққа деген қызығушылықтарын ояту және шеберлік сабағын өткізе отырып, ептілік, іскерлік дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Шеберлік сынып жоғары деңгейде өтті.



14.02 күні өндірістік оқыту шебері Қ.Абеев Э-4, Э-5 топтарының қатысуымен «Жарықтандыру қалқандарының құрылымы және оларды монтаждау» тақырыбында шеберлік сынып өткізді. Шеберлік сынып барысында студенттер теориялық білімдерін тәжірибеде шыңдап, шеберліктерін танытты.



15.02 күні «Студент-колледж – ата-ана» әрекетінің үйлесімділігі: білікті маман кепілі» атты кәсіби шеберлік сайыс ұйымдастырылды. Сайыстың түрлі кезеңдері бойынша ата-аналар, студенттер бірлесе отырып кәсіби білімдері мен шеберліктерін көрсете білді.



Маманның кәсіби шеберлігі жоғары болса, ел экономикасының қарыштап дамуына көп үлес қосары даусыз. "Әр маман өз ісінің кәсіби шебері болуы тиіс деп" Елбасымыз айтқандай сапалы кадр дайындауда мамандыққа дайындайтын мекемелердің білім беру технологияларын, әдістемесін үнемі жетілдіріп отыру қажет. Сондықтан биылғы кемшіліктер мен жетістіктерді саралай келе, келесі оқу жылына жаңа міндеттерді жоспарладық. Бірлестіктің жылдық жұмысы қорытындыланып, «Өте жақсы» деп бағаланды.